

**Қазақстан Республикасына "Агросервистік қызметті (ауылшарқызыметі) қолдау"  
жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің грантын  
беру туралы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қыркүйек N 1157

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасына "Агросервистік қызметті (ауылшарқызыметі) қолдау"  
жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің грантын  
беру туралы Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен  
Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі 2001 жылғы 18 мамырда жасасқан Келісім  
бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жоғарыда аталған  
Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасына берілген 623 600 (алты жүз жиырма үш  
мың алты жүз) АҚШ доллары сомасындағы грант қаражатының мақсатты және тиімді  
пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік

инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963

P001963\_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 631-құжат) мынадай  
өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000-2002  
жылдарға арналған мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасына 2-қосымшада:

"Ауыл шаруашылығы" салалық секторы мынадай мазмұндағы реттік нөмірі  
36-1-жолмен толықтырылсын:

---

1      2      3      4      5      6      7      8      9      10      11

---

"36-1 Агросервистік Ауылшаруа. 2001- Барлығы 0,62      0,40 0,22  
қызметті (ауыл шылығы 2002  
шарқызыметі) министрлігі      ХҚДБ      0,62      0,40 0,22  
қолдау жобасын      гранты  
дайындау

---

қорытынды тарауда:  
"Барлығы" деген жолдағы:

6-бағандағы "2519.43" деген сан "2520.05" деген санмен ауыстырылсын;  
9-бағандағы "365.26" деген сан "365.66" деген санмен ауыстырылсын;  
10-бағандағы "266.73" деген сан "266.95" деген санмен ауыстырылсын;  
"Сыртқы көздерден барлығы" деген жолдағы:  
6-бағандағы "2067.34" деген сан "2067.96" деген санмен ауыстырылсын;  
9-бағандағы "314.44" деген сан "314.84" деген санмен ауыстырылсын;  
10-бағандағы "211.13" деген сан "211.35" деген санмен ауыстырылсын;  
"гранттар" деген жолдағы:

6-бағандағы "185.95" деген сан "186.57" деген санмен ауыстырылсын;  
9-бағандағы "85.67" деген сан "86.07" деген санмен ауыстырылсын;  
10-бағандағы "36.61" деген сан "36.57" деген санмен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі және  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулыны іске асыру  
жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:  
Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.